



Жалағаш Жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Семинар

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамалары мен Әдеп кодексі нормаларын бұзушылықтардың алдын алу жөнінде семинар-кеңес өтті. Кент, дербес бөлім басшылары, мемлекеттік қызметшілер қатысқан семинарға аудан әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл Жасұлан Дүйсекеев төрағалық етті. Семинарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларының талаптарын түсіндіру және мемлекеттік қызметте әдеп және заңнаманы сақтау мәселелері қаралды.



Мемлекеттік қызмет саласындағы заңдылықты сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын нығайту мақсатында бұл семинар-кеңестің маңызы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бүкіл қоғамның міндеті. Бұл дертпен заңмен ғана емес, сана мен мәдениет арқылы күресу қажет» деген болатын. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – мемлекеттік қызметтің сапасын арттырудың негізгі тірегінің бірі. Мемлекеттік қызметші – қоғам үшін үлгі болатын тұлға. Азаматтардың билікке деген сенімі біздің әрбір әрекетімізге, қабылдаған шешімімізге, қызметтік әдебімізге тікелей байланысты. Сондықтан кез келген неқұрылымдық үлкен сенімсіздікке әкелуі мүмкін екенін ұмытпауымыз қажет, – деді Жасұлан Тағатаулы.

Семинарға арнайы қатысқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі Мейрамқұл Бибітова, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыс бойынша өкілі Берікбол Байхожаев, Қызылорда облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Бағдат Әбдіқадыр баяндама жасап, мемлекеттік қызметшілердің сұрақтарына жауап берді.

Олар мемлекеттік қызметшілер арасында қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау, құқықбұзушылықтардың алдын алу, қызметтік тәртіпті күшейту, сондай-ақ қоғам тарапынан мемлекеттік аппаратқа деген сенімді арттыру мәселелері бойынша кеңінен мағлұмат берді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы Әдеп кодексіндегі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқына, қызметтік қарым-қатынасына және қоғаммен байланысына қойылатын негізгі талаптар түсіндірілді.

Кездесуде Бағдат Әбдіқадыр мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін сақтау мәселелеріне, сондай-ақ қызметтік әдепті нығайтуға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мұнан бөлек мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы мен сыбайлас жемқорлық шектеулеріне тоқталды. Мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жайында жан-жақты талқылап, лудоманияның алдын алу мақсатында ойын мекемелеріне барудан бас тарту қажеттігін қаперге салды.



ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 19 сәуір күні аймағымызда «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өтетін «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясына қатысуға шақырамыз! Туған жердің әрбір қасиеті орны ұрпаққа аманат. Сол аманатқа адал болу – баріміздің ортақ парызымыз. Өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі орындар мен қорымдар аумағын таза ұстап, ескеңең ұрпаққа үлгі болайық. Барша сырбайлықтар ата-баба рухына тағзым ететін ортақ іске үлес қосып, маңызды шараға белсенділікпен қатысады деп сенеміз!

Қызылорда облысының әкімдігі

Білім жаңалықтары

ҰБТ форматы өзгереді

Қазақстанда талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында ұлттық бірыңғай тестілеу форматына бірқатар өзгеріс енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлімдеді.



Министрдің айтуынша, адами капиталға инвестиция жасау – мемлекеттік саясаттың басты басымдығының бірі. Бұл бағыт Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың негізін құрайды. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесін жаңғыртып, жаңа модельдер мен цифрлық шешімдерді енгізіп жатыр. Қазіргі таңда білім беру сапасы тек білім берумен шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс. Бұл – сапалы жаңа кезеңге көшу, – деді Аида Балаева. Осыған байланысты талапкерлерді іріктеу жүйесінде, әсіресе педагогикалық мамандықтарға қабылдау кезінде жаңа тәсілдер енгізілмек. Атап айтқанда, тестілеумен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибриді бағалау формасы қолданылады. Бұл тәсіл талапкерлердің тек пәндік білімін ғана емес, сонымен бірге сыни ойлау, талдау және коммуникациялық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар келер жылдан бастап педагогикалық бағыттарға түсу кезінде ҰБТ нәтижелерімен қатар ауызша емтихандар да ескерілмек. Бұл емтихандарда талапкерлердің оқуға дайындығы мен кәсіби бейімділігіне ерекше назар аударылады. Министр сондай-ақ ҰБТ-ны бір рет тапсыру форматына көшіру ұсынылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, бұл шешім грант конкурсына қатысу кезінде өңделі әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Ал талапкерлердің дайындық деңгейін тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталады. Бұдан бөлек жоғары оқу орындарына Foundation бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту жоспарланып отыр. Себебі мұндай жүйемен қабылданған студенттердің едәуір бөлігі оқу барысында қажетті шекті балды жиып алмайды. ҰБТ жүйесін өзгерту тестілеуден бас тарту емес. Бұл – дарынды талапкерлерді анықтап, өңделі іріктеуге бағытталған маңызды қадам, – деді Аида Балаева. Жалпы ұсынылып отырған өзгерістер білім беру сапасын арттырып, елдің ұзақмерзімді дамуына негіз болады деп күтіледі.

«ЖЖ» ақпарат

Бағдарлама игілігі

Жадыраның жемісті жобасы



Жұмыс күнінің бірінде жиналыста отырып, бір қызметкердің ерекше қойындәптеріне көзім түсті. Байқап қарасам, көздің жауын алар қызыл түсті қойындәптерге әлгі қызметкердің аты-жөні жазылған. Тіліш болған соң қолымызға біз де қойындәптер қыстырып жүреміз, оның үстіне нәзікжан болған соң әдемілікті жанымыз сүйетіні рас. Жиналыстан шыққан соң әлгі қызметкерді тоқтатып, қолындағы қойындәптерін қайдан алғанын сұрай жөнелдім. Ол кент орталығында мұндай кәсіппен айналысып отырған кәсіпкерлер көп болса да, таңдауы Жаңаталап ауылындағы Жадыра Шахароваға түскенін айтты. Шалғай ауылда шаруа бастаған кәсіпкерге мен де тапсырыс беріп, кәсібімен танысу үшін дереу жолға шықтым.

Жадыра Нұрсейітқызы былтыр 2,5 пайызбен несиесі алып, үйінің шағын бір бөлмесін тігін цехына айналдырған. Оның қаражат қолына тие салысымен басқа мақсатқа жұмсамай, кәсібіне құяғын менмұндалап тұрған қажетті құрал-жабдықтардан аңғарды. Ол тігін тігуге арналған машиналар, ою-өрнек салатын құралдар мен матаға кез келген суретті бейнелеп шығаратын құрылғылар алған. Сүйікті ісін кәсібіне айналдырған кейіпкеріміз кішкентайынан бұл мамандыққа әбден машықтанған. Жадыра Нұрсейітқызы үлкен әкесінен дарыған талантын тоқтатай, мектеп бітірген соң арнайы тігін тігу оқуын оқыған. Қолөнер саласында 40 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман ең алғаш көйлек, халат тігіп бастағанын айтады. Қазір заман талабына сай аналар қауымы тұрмысқа шығатын қызының артынан әдемі қиындықтардан құралған құрақ көрпе-көрпешесімен қатар балалы болғанда бесігін алып барады. Осы ретте қазқтың салт-дәстүрін жаныпмайтын жаңаталаптық ажқалықтар үйінде осындай қуаныш орын ала қалса, кейіпкеріміздің көмегіне жүгінеді. Айтпа кетейік, қыз жасауына 6 көрпеше, 4 жастық пен махаббат және құдағай жиынтығы кіреді. Махаббат жиынтығында көрпе, көрпеше, жастардың есімі жазылған 2 жастық болса, құдағай жиынтықта 2 көрпеше, құда мың жылдық деген жазуымен 1 көрпе және «құдам құрдасымдай, құдағаймын сырласымдай» деген жазумен 2 жастық болады. Осы жиындықтардан құралған қыз жасауын кейіпкеріміз көз майын тауысып, 1 апта көлемінде тігіп шығады. Көздің жауын алар ерекше туындылардың артында өрне, үлкен еңбек пен асқан шеберлік жатыр. Ол күндіз-түні ыждағаттылықпен көз майын тауысып тіккен еңбегі туыншылар алғысын алғанда текке кетпегенін түсінеді. Кәсіпкер анамыз құрақ көрпеше мен бесік жасауынан бөлек баланың аты мен суреті салынған жастыққа да тапсырыс қабылдайды. Ұлыстың ұлы күнінде бойжеткен қыздарға арналған тақия мен ұлттық киімдер де тігеді. Бойындағы тігін өнеріне деген бейімділігін ұштай түскен ол бүгінде тұрақты туыншыларын жиып үлгерген. – Туыншыларым тек осы ауылдан ғана емес, көршілес ауыл аудандардан да, тіпті облыс орталығынан да бар. Көспе-төсектен бөлек киім тіктіруге немесе қысқартуға да жиі тапсырыс түседі. Арасында қазақы киімдерге де

Жалғасы 2-бетте

Еңбек адамы

Ауылдан шыққан алғашқы механизатор қыз



Ауылдан шыққан алғашқы механизатор қыз Тиышкүл Көрибаеваны көпшілік біле бермеуі мүмкін. Осы мақаланы жазу барысында Тиышкүл қарындасыммен хабарласып, еңбек жолы жайлы әңгіме өрбітті.

– Саламатсыз ба, аға, жағдайыңыз жақсы ма? Мен осыдан үш-төрт жыл бұрын инсульт алып, ауырып қалдым. Қазір жолдасым жағдайымды жасап отыр. Шаршап қалмасам, еңбек жолымды баяндап берейін, – деді.

Әрбір адамның өмір жолы, тағдыры әртүрлі болады. Бірақ соған әркім түрлі баға беріп жатады. 1967 жылы дүниеге келген Тиышкүлдің балдеурен балалық шағы шалғайдағы Аққолқа ауылында өтті. Әкесі Бақберген Көрибаев үшінші фермада құрылыс прорабы болып жұмыс істеді. Тиышкүл ферма орталығындағы №236 орта мектептің 4-сыныбын бітірген жылы ата-анасы Жаңадария совхозына қоныс аударды. Сөйтіп қорамдық жұмысқа белсене араласқан зерек қыз совхоздағы №203 Жаңадария орта мектебін үздік бағаммен бітірді.

Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Мақсатсыз адам көлігіне отырып алып, қайда баруды нақтылап жатпай басы ауган жаққа жүре берген жолаушыға ұқсайды. Сол сияқты өмірде алдына нақты мақсат қоя алмасан, құмырының соңына дейін ешбір нәтижеге қол жеткізе алмай айдалада адасып қаласың. Сондықтан адамға ең әуелі шынайы арман мен талап, нақты мақсат, сол мақсатқа жеткізер жоспар керек.

«Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен бақыт табу үшін ғаламда, Үлкен болып қалу үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға» деп ақын Мұхтар Шаханов жырлағандай, армандауды білмейтін адамда үлкен мақсат болмайды. Мектеп бітірген ел-гезек, еңбеккер қыздың да өз арман-мақсаты болды. Шалғайдағы малды ауылда туып өскен Тиышкүл техника тізіндеуі, механизатор болуды бала кезден армандаушы еді. Сол арман оны алға жетелеп, Жалағаштағы кәсіптік-техникалық училищенен бір-ақ шығарды.

Осы училищенеде 9 ай механизаторлық курста оқыған өнерлі қыз «Алтын арай» ансамбліне қатысты. Ансамбль құрамында аудан диқандары мен малшыларын аралап, Соң сүлейлерінің жыр-термелерін орындап, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Училищені бітіріп, механизатор мамандығын алған аруды алда жаңа өмір, жарқын жол күтіп тұр еді. Жұмыс десе жаны жай таппайтын жігерлі қыз ерте тұрып, Жаңадария совхозының кеңесіне келді. Совхоз директоры Нәжімедін Ысқақов та келген екен. Есігін қағып, рұқсат сұрап ішке імнең кірген қызды совхоз директоры көңілді қарсы алды. Амандасып алған соң бар айтқаны: – Менің трактор айдағым келеді.

Мен-жайды сұрап білген соң директор да көп ойланған жоқ, қыздың қолына алақандай қағазды жазып беріп жатып: – Мынаны қойма меңгерушісі Аманкелдіге бер, талабың оң болсын, айналайын! – деді.

Сондағы қуанышын көрсен... Қоймаға дейін жүгіріп, еңгіліп жетті. Жаңасы-ескісі бар, әртүрлі маркалы техникалар сап түзеп тұр. От алып гүрлідеген тіркемелі техникалар бірінен соң бірі қоймадан шығып, жанармай құюға кетіп барады. Аманкелді ағай да осында екен, дереу директор жазып берген қағазды қолына ұстатты.

Оқыған бойда қойма меңгерушісі көп кідірген жоқ, қаз қатар тұрған техникалардың шетінде тұрған көк түсті Беларусьтың жанына ертіп келіп: – Мына Беларусьты қабылдап ал бұғи май-суын құйып, кем-кетігін жөнде, ертең жұмысқа шығасың, – деді.

Оның кезіне қарап «Сен қыз, бұл тракторды жүргізе аласың ба?» деген еқудай сауалдың тұрғанын да аңғарды. Бірақ техника тілін меңгеруді армандап келген ару өзіне сенімді еді.

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп Абай атамыз айтқандай, арманы алға жетеледі, сенім, күш-жігер берді. Адал еңбек оны абырой-даңққа бөледі.

Төуекел түбі – желқайық, өтесің де кетесің. Төуекелшілдік, қолыңнан келген қарекетті жасау – бойдағы үрей мен қорқыныштың емі. Ол көп ойланған жоқ, алдымен Беларусьтың май-суын тексеріп алды. Содан кейін тракторына секіріп мініп, оталдырды да бауу жүріп қоймадан шығып кетті. Артына қарап еді, қойма жұмысшылары сыртынан сүйсініп тұрғанын байқады. Сол күні Беларусьпен көшелерді айналып қолын үйретті. Кейбір босаған бурандаларын қатайтып, жөндеп алды. Мұнан кейін майын құйып, ертеңгі жұмысқа дайындала берді.

Ертеңіне совхоз директоры шақырып алып: – Қызым, ертең үшінші фермаға барасың. Сол жақта екі-үш ай пішен пресс басып, ферманың малына шөп дайындайсың, киім-кешек, көрпе-төсектерінді қалдырма, – деді.

Сонымен не керек, қоймаға барып, пресс агрегатын тіркеп алып жолға шықты. Бағыты – үшінші ферма орталығы. Техника тізінін ұстап, қызығы баршық қоймаға Тиышкүл айтқырға түскен соң газды басты. Тіпті тракторына тіркелген пресс агрегатына бір қарамапты. Бұралаңы мол жолдың ой-шұқырына қарамай жүйткіп жүріп келеді. Бірер сағатта Аққолқа ауылына жетті. Беларусьты тоқтатып, жерге түсіп артына қараса, пресс агрегатының кейбір заттары жолда шашылып қалыпты. Сондағы уяғанын көрсен, ферма меңгерушісі Жалғасбай мен механик Әбзи ағаларынан көшірмелі сұрай берді. Содан совхоздан заттарын алдырып, сол күні жұмысқа шықты.

Бұл 1985 жылдың тамызы, тамыл-жыған жаймашуақ күндердің бірі болатын. Балдеурен бақытты шағын Аққолқа ауылында өткізіп, Қышбөгет сегіз-жылдық мектебінде бастауыш сыныпта оқып, білім негізін қалаған Тиышкүл Көрибаеваның еңбек жолы осылайша туған ауылында басталды. Жаңадария-

ның шабындығында пресс басып, мал қораларына шөп тасып, екі-үш ай еңбек еткен ол қараша айында совхозға қайтып оралды.

Бұдан кейін техника тілін меңгерген механизатор қыз совхоздың маусымдық жұмыстарына араласып, ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Әрине, жылдың төрт мезгілінде техникаға отырып, ұзақ жол жүріп жұмыс жасау қыз балаға оңай шаруа емес. Қайсар қыз қалап алған мамандығының қиындығына мойымады, керісінше қажыр-қайрат танытып, ер-азаматтармен бірдей еңбек етті.

Тиышкүлдің әкесі Бақберген Көрибаев ұзақ жыл құрылыс саласында еңбек етті. Аққолқа ауылының негізін қалап, жаңадан салынған үйлерді шарбақпен қоршау, мал қораларын салу жұмыстарын атқарды. Жаңадария бойындағы тарихи орың ескі кесенелерге есіктер салып, қоршап, игілікті іс жасады. Сонымен бірге суырыпсалма ақын Б.Көрибаевтың айтып кеткен өлеңдері ел арасында айтылып жүр. Бірнеше өлеңі басылым бетінде жарияланды.

Қызылорда қаласының іргесіндегі Абай совхозындағы Марат Шахатовқа тұрмысқа шыққан Тиышкүл ол жақта да трактор айдап, жырма жылға жуық механизатор болып еңбек етті. Бірақ еліміз егемендік алғаннан кейін, тоқсан-ыншы жылдардың соңына таман мал да, техникалар да жекешелендіріліп, ұстағанның қолында, тістөгеннің аузында кетті. Шаруашылық жұмысы тоқтап, майда қожалықтар пайда болды. Сонда да кейіпкеріміз қол қусырып қарап жатқан жоқ. Жолдасы екеуі базарға шығып, техниканың қажетті бөлшектерін сатып, кәсіппен айналысты. Кәсіптен нәсібін тапқан олар 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұл-қыздары өз алдына шаңырақ көтерді. Шүкір, тосыннан келген дерттің тауқыметін тартқанымен, қарапайым еңбек адамы бүгінде ұл-қыздарынан тараған нәмерелерінің қуанышына көнеліп жатқан жайы бар.

Серік БЕРТАЕВ, ардагер-журналист

Жадыраның жемісті жобасы

Заманның талабына қарай еңбек ететін кейіпкеріміз – бүгінде шебер тігінші болумен қатар берекелі шаңырақтың отанасы, 3 қыз, 2 ұлдың анасы, 7 нөмереңі әжесі. Ұлдарының бірі шаңырақ көтерсе, екіншісі жоғары оқу орнында білім алуа. Ал қыздарының екеуі тұрмыста, бірі – мектеп оқушысы. Кенже қызы тапсырыс көп кезде анасына қолғабыс етеді.

– Жадыра апайдың тұрақты тұтынушыларының бірімін. Шыны керек, бұл кісі қажетті құрал-жабдықтарын алып, үйден кәсіп бастағалы аудан орталығына сабылмайтын болды. Себебі ол кез келген бұйым түріне тапсырыс қабылдайды. Үйдегі барлық көрпешемді осы кісі тігіп берді. Одан бөлек өзінің және жолдасының киімдерін қысқарту қажет болса немесе балама мереке кездері қандайда бір ерекше киім керек бола қалған жағдайда Жадыра апайдың көмегіне жүгінемін. Ауылда тұрғасын көбіне бағаны тұрғындардың қалтасына қонымды етіп қояды, – дейді Сандуғаш Тұрсынғалиқызы.

Айта кетейік, кейіпкеріміз күнделікті тапсырыстан бөлек атақасіптен де қол үзбеген. Ауладағы қорасына жылқы байлаған ол мал бордақылау ісімен де айналысады. Шалғайдағы аядай ғана ауылда тұрса да, бірнеше кәсіп түрін бір арнаға тоғыстырып, асын адал маңдай терімен тауып отырған ақжаулықты анамыздың қоңыр тіршілігі осындай. Кәсіптің көзін тауып, берекелі тұрмыс кешіп отырған іскер анамыздың еңбек жолы – көпке үлгі. Сұхбат барысында шебердің жұмысымен толыққанды танысқан мен де тұтынушыларының біріне жасаған жұмысын көргенімді айтып, өзіме арнап ерекше қойындөптерге тапсырыс беріп қайттым.

Сезім НҰР БАСЫ 1-BETTE

Сайлаушылардың назарына! «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының Жалағаш кенті және Мақпалкөл ауылдық округінің әкімдеріне кандидаттардың сайлаушылармен КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1 Жапбасбаев Қайрат Галиұлы	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №11, «Мәдениет және өнерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты	22.04.2026 жыл	сағат 11:00
2 Идрисов Дархан Балғабайұлы	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №11, «Мәдениет және өнерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты	22.04.2026 жыл	сағат 11:00
3 Калиянов Бауржан Тобаевич	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №11, «Мәдениет және өнерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты	22.04.2026 жыл	сағат 11:00
1 Адамбаев Әділбек Төребекұлы	Мақпалкөл ауылдық округі Темірбек Жүргенов ауылы Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының «Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты	21.04.2026 жыл	сағат 11:00
2 Жұматаева Ақалтын Бақырадинқызы	Мақпалкөл ауылдық округі Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты	21.04.2026 жыл	сағат 11:00
3 Тоғызбаев Мардан Марсбекұлы	Мақпалкөл ауылдық округі Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты	21.04.2026 жыл	сағат 11:00

Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жалағаш кенті әкіміне үміткер Жапбасбаев Қайрат Галиұлының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

төкшілік етті. 2025 жылдан бастап Жалағаш аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы қызметін атқаруда.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Жалағаш кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуына жан-жақты ықпалымызды тиізу негізгі міндетіміз деп білеміз.
2. Жалағаш кентінің шығыс және батыс бөлігінде орналасқан кіреберіс қақпаларын жаңа кейіпте орналастыруды қолға аламыз.
3. Жалағаш кентінің орталық алаңын тұрғындар үшін қолайлы, эстетикалық тартымды, заманауи талаптарға сай көркейтуді күн тәртібімізге қоямыз.
4. Кенттің оңтүстік батыс бөлігінде орналасқан Сырдария өзенінен бастап теміржол бекетіне дейін заманауи жарықшамдар орнатуға жұмыс жасаймыз.
5. Дәуімбай учаскесіне балалар ойын алаңы мен спорт алаңдарын салуды қолға аламыз.
6. Дәуімбай учаскесінің көшелерін толығымен жарықшамдармен қамтамасыз етуге жұмыс жасаймыз.
7. Жалағаш кентінің Дәуімбай, Қысық арық, «Серпіні», Бөреке учаскелерінде толығымен тазалық жұмыстарын жүргізуді күн тәртібімізге түсірейміз.
8. Жалағаш кентінде сапасы сын көтермейтін көшелерге кезек-кезегімен қайта жөндеу жұмыстарын ұйымдастырамыз.
9. Қазыбек би, Абай, Жамбыл, А.Бисенов, Н.Мырзаліев көшелерінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қасбеттерін жаңартуды жүзеге асырамыз.
10. Әйтеке би көшесінде орналасқан ескі ғимарат (аудандық статистика басқармасы) орнына жаңадан спорт алаңын салуға жұмыс жасаймыз.
11. Жалағаш кентінің толықтай жарықшамдарының жаңып тұруына ықпал етеміз.
12. Сапасы сын көтермейтін орталық және Дәуімбай учаскелерінде электр желілерін жаңалау және жөндеу жұмыстарын жүргіземіз.
13. Жалағаш кентінің тұрғындарына шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несиелер және грант алуға ықпал етеміз.
14. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға жәрдемдесеміз.
15. Балаларға арналған заманауи ойын алаңдары мен тұрғындарға арналған демалыс орындарын салуға жұмыс жасаймыз.
16. Тұрғындар көтеріп жүрген өзекті мәселені түбегейлі шешу мақсатында көшелерге қоқыс контейнерлерін орнату және қалдықтарды шығару жүйесін ретке келтіру жұмыстарын жүргіземіз.
17. Кентімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында абаттандыру жұмыстарын жүргізуге (арықтарды тазарту, аяқсуды ретке келтіру, тал егу) жұмыс жасаймыз.
18. Жалағаш кентіне кіреберіс аймақтан «Кәсіпкерлер бағы» атауымен жеміс ағаштарын отырғызуды (демешілік арқылы) қолға аламыз.
19. Жалағаштық жастарға заманауи талаптарға сай жастар саябағын ашу және оны қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге күш саламыз.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жалағаш кенті әкіміне үміткер Идрисов Дархан Балғабайұлының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Идрисов Дархан Балғабайұлы 1984 жылы 30 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген.

Ұлты – қазақ, білімі жоғары. 2001-2006 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Жерді мелиорациялау, рекультивациялау және қорғау, инженер-гидротехник мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2007-2014 жылдары аралығында Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман қызметін атқарды.

2014-2018 жылдары аралығында Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман қызметін атқарды.

2018-2023 жылдары аралығында Жалағаш аудандық жер қатынастары бөлімінде сектор меңгерушісі қызметін атқарды.

2023 жылдан бастап Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінде сектор меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып келеді.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Жалағаш кенті жылдан-жылға көркейіп келеді, бірақ бұл кентте енді ешқандай мәселе жоқ дегенім емес. Сондықтан кенттің өзге де мәселелерін шешіп, туған жердің түлеуіне үлес қосу үшін осы саяси науқанда бақ сынауға бел буып отырмын. Халықтың басым дауысына ие болсам, сайлауалды бағдарламамда қамтылған барлық мәселенің шешіміне еңбек етуге қа-

рым-қабілетімді жұмсаймын.

1. Халықтың тұрмыс сапасын арттыру

Иә, қазір бұл мақсатта еңбек етуге мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Бірінші кезекте кентте тұрғындар арасында жұмыссыздық мәселесін шешуге жұмыс жасаймын. Бұл ретте Жалағаш кентінде ірі жобаларды жүзеге асыруға бастамасы бола отырып, халықтың екі қолға бір күрек табуына күш саламын.

Екінші кезекте кәсіпкерлік саласының серпін алуына басымдық беремін. Қазір мемлекет іс бастаймын деген жандарға да, кәсіпін кеңейтпемін деген адамдарға да барлық жағдайды жасап отыр. Сондықтан халықтың кәсіп ашуы үшін пайыздық үстемалысы төмен несиелер алуына, қайтарымысыз гранттармен өз жобаларын дамытуына жәрдемдесемін.

2. Жол сапасын жақсарту

Соңғы жылдары кентте ішкі көшелердің сапасына мән беріліп, тұрғындардың талап-тілегі ескерілуде. Бірақ өліде Жалағаш кентінде сапасы сын көтермейтін көшелер жоқ емес. Алдағы уақытта халықтың үніне құлақ аса отырып, жол сапасына қа-тысты өзекті мәселелердің шешіміне жұмыс жасаймын.

3. Тазалық бөрінен маңызды

Жалағаш кентінде санитарлық тазалық жұмыстарының өз деңгейінде жүзеге асуына күш саламын. Бұл ретте тұрғындарды осы мақсатқа жұмылдырып, Президенттің «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының Жалағаш кентінде жоғары деңгейде ұйымдастырылуына басымдық беремін. Осылайша туған жердің түлеуіне жұмыла жұмыс жасап, Жалағаш кентінің екінші тынысын ашуға күш саламын.

4. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қа-



лыптастыру – басты міндет

Иә, болашақ, жалпы мемлекеттің болашағы жас өркендермен тікелей байланысты. Сондықтан біз олардан бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруды бүгіннен бастауымыз керек. Сондықтан алдағы уақытта жастар арасында қылмыстың орын алуына жол бермей, олардың сапалы білім алуына жұмыс жасаймын.

5. Денсаулық – зор байлық

Жалағаш кентінде орталық аурухана мен емхана бар. Мұндай медициналық нысандарда Жалағаш кенті халқының сапалы ем алуына жағдай жасаймын. Сондай-ақ белгілі дерттен есепте тұратын тұрғындардың тегін дәрі-дәрмекпен қамтылуын қамтамасыз етемін.

6. Қылмыстың алдын алу бөрінен маңызды.

Иә, кез келген мәселемен күрескеннен оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Алдағы уақытта кентте тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстың алдын алуға жұмыс жасаймын. Бұл ретте аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен ақылдаса отырып, рейдтік шараларды қолға аламын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді



Өмірбаяны

Жапбасбаев Қайрат Галиұлы 1987 жылы 24 желтоқсанда Жалағаш ауданында дүниеге келген.

Еңбек жолын 2009 жылы Жастар тәжірибесімен Жалағаш аудандық құрылыс бөлімінде бастаған.

2010-2011 жылдары Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде бас маман қызметін атқарған.

2011-2017 жылдары Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде бас маман қызметін атқарған.

2017-2018 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөліміне жетекшілік еткен.

2018-2022 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратында мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімін басқарған.

2022-2023 жылдары Жалағаш аудандық құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімін басқарды.

2023 жылы 23 ақпаннан 9 тамызына дейін Жалағаш ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарды.

2023-2025 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөліміне же-



Өмірбаяны
Калянов Бауржан Тобаевич 1989 жылы 16 мамырда Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1995 жылы №31 орта мектептің табылғысын аттап, сол мектепті 2006 жылы үздік бітірген. 2006-2011 жылдары Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Музыка және педагогика факультетіне ауысып, педагогика және психология кафедрасында жоғары білім алды. 2009-2011 жылдары Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да білім алып жүріп, республикалық университетарлық пәндік олимпиаданың 2 мәрте жүлдегері атанды. 2011 жылы аталған оқу орнын педагогика-психология мамандығы бойынша тәмамдап, қыркүйек айында Жалағаш аудандық оқушылар үйінде педагог-психолог маманы болып еңбек жолын бастады. 2012-2013 жылдары Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйден әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің кеңесші-психолог маманы болып қызмет атқарды. 2013-2014 жылдары Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарды.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жалағаш кенті әкіміне үміткер Калянов Бауржан Тобаевичтің 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

2014-2015 жылдары Қызылорда облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастарды қолдау орталығы» МКМ Жалағаш аудандық бөлімінің аға-кеңесшісі қызметін атқарды. 2015-2016 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау бөлімінің инспекторы қызметі болып жұмыс жасады. 2017-2018 жылдары Жалағаш кентіндегі Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте педагог-психолог маманы балып жұмыс жасады. 2018 жылдан бастап Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда. Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы
Сайлау кез келген адамға жауапкершілік жүктейді. Мұның жауапкершілігі сайлаушылар үшін де маңызды. Ал үміткер үшін бөрінен жоғары. Өйткені сайлаушылардың басым дауысына ие болғаннан кейін атқарылатын жұмыстың жүруі, жалпы сөз бен істің үйлесуі сол үміткерге тікелей байланысты. Сондықтан мен де «Алдағы уақытта сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, қандай мәселелердің шешіміне еңбек ету керек?» деген сауалдың түйінін тарқатуға тырыстым. Сайлауалды бағдарламада осы сауалдың түйінін тарқатуға негізделді.

1. Кәсіпкерлік саласын дамыту бөлімін маңызды
Бұлай деуге негіз көп. Өйткені бұл саланы дамыту арқылы біраз мәселенің шешімін табуға болады. Бірінші кезекте бұл саланы дамы-

ту арқылы Жалағаш кенті халқының тұрмыс сапасын арттыруға қол жеткіземіз. Сондай-ақ кентте жұмыссыздық мәселесін ауыздықтаймыз. Бір жағынан кенттің кірісін еселеуге де жол ашуға болады. Сондықтан алдағы уақытта Жалағаш кенті халқының мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен іс бастауына жұмыс жасаймын.

2. Инфрақұрылымды жақсарту – басты міндет
Жалағаш кентінде халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында инфрақұрылымды жақсартуға басымдық беремін. Бірінші кезекте жол сапасы, электр жарығын жаңарту, көшелерді жарықтандыруға қатысты маңызды жобалардың жүзеге асуына жұмыс жасаймын.

3. Денсаулық – бірінші байлық
Жалағаш кентінде тұрғындардың сапалы медициналық көмек алуына бар жағдайды жасаймын. Олардың тегін дәрі-дәрмекпен қамтылуын қадағалаймын.

4. Тазалық – ортақ міндет
Кенттің көркеюі бірінші кезекте өзімізге байланысты. Сондықтан алдағы уақытта жерлестерімді тазалық жұмыстарына үндеп, көркейт-көгалдандыру жұмыстарын бірге жүзеге асырамын.

5. Қылмыстың алдын алу – ортақ міндет
Жалағаш кентінде қылмыстың алдын алу үшін аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен, ұшкәсілік полиция инспекторларымен бірге халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, есіресе қазір белен алған интернет алаяқтарына құрбан болмау үшін жұмыс жасаймын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округі әкіміне үміткер Жұматаева Ақалтын Бақырадинқызының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Жұматаева Ақалтын Бақырадинқызы 1982 жылы 19 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келген. 1988-1999 жылдары №119 орта мектепте 11 жылдық білім алған. 2001-2003 жылдары Алматы қаласындағы Заң колледжінде заңгер мамандығы бойынша білім алған. 2008-2010 жылдары Қазтұтыну-одағы Қарағанды экономикалық университетінде құқықтану мамандығы бойынша жоғары білім алған. Еңбек жолын 2005 жылы Жаңаталап ауылындағы мәдениет үйінің меңгерушісі болып бастаған. 2007-2025 жылдары Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы қызметін атқарған. 2025 жылдан бастап Жаңаталап ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарып келеді.

Сайлауалды бағдарламасы
Өзім ауылда туып өскендіктен маған кез келген ауылдық мәселесі таңсық емес. Оның ішінде Мақпалкөл ауылының тыныс-тіршілігі өтене таныс. Азды-көпті жиган тәжірибемді алдағы уақытта өтетін саяси науқанға қатысу арқылы тұтас бір ауылдың болашағына жұмыс жасауға деген ойым бар.

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді, яғни бір елді мекеннің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, халықпен жұмыс жасай алуыма тікелей байланысты. Бұл аяқтай ауылдың екінші тынысын ашуға жетеді деп ойлаймын.

Жалпы ауылда алдағы уақытта шешімін табуы тиіс қандай мәселелер бар? Елді мекеннің тынысын

кеңейтіп, еңсесін тіктеуде тағы қандай жобалар қолға алу керек? Мұның бәріне мен үміткер болғаннан кейін терең үніліп, сайлауалды бағдарламамды да соған негіздедім. 1. Халықтың мұң-мұқтажын таллап-тілегін тыңдай отырып, елді мекеннің келешегі үшін еңбек етемін. 2. Елдегі жұмыссыздық мәселесінің шешімін табуға күш саламын. Себебі қазір халықтың тұрмыс сапасын арттыру бөрінен маңызды. Сондықтан ауылда тұрақты жұмыс орындарының ашылуына ықпал етемін. 3. Ауылдағы сапасы сын көтермейтін шет аймақтағы ішкі жолдарды күрделі жөндеуден өткізіп, электр желілерінің кедергісіз жұмыс атқаруына жұмыс жасаймын. 4. Ауылда тазалық жұмыстарына басымдық беріп, елді мекеннің көркейіп-көгалдануына жергілікті тұрғындарды жұмылдырамын. 5. Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өрі қауіпсіз өткізуіне мүмкіндік жасау үшін ойын алаңдары мен саябақтарды салу мәселесіне ерекше назар аударамын. 6. Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстап, ұлттық құндылықтарды дәріптеу үшін мәдени шараларды ұйымдастыруға қолға аламын. 7. Жастарды қолдау басты назарында болады. Оларды кәсіпке баулу мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қайтарымсыз грант, төмен пайызбен несиелену, өз кәсіптерін бастауға көмектесемін. 8. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамытудың маңызы зор. Бұл жергілікті халықтың денсаулығын жақсартуына мүмкіндік береді. Сондықтан ауылда спорттық нысандар салудың да маңызы жоғары деп есептеймін.



9. Сіздердің қолдауларыңызбен алға қойған мақсат-міндеттерімді жүзеге асыру арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Сондықтан маңызды саяси науқанда барша сайлаушыларды мені қолдауға шақырамын. 10. Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімдеріңді ақтау жолында қақырлы еңбек етемін. Себебі халыққа адал қызмет ету – басты міндетімің бірі. Мен үшін әрбір дауыс өте маңызды. 11. Жергілікті халықтың сапалы медициналық ем алуына жағдай жасаймын. Сондай-ақ олардың тегін дәрі-дәрмекпен қамтылуын қадағалаймын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді



Өмірбаяны
Адамбаев Әбдімәлік Төребекулы 1997 жылы 7 қаңтарда Жамбыл облысы Тараз қаласында дүниеге келген. 2003-2013 жылдары Т.Жүргенов атындағы №123 дарынды балалар мектебінде білім алған. 2012-2016 жылдары М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінде «Математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған. 2016-2019 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2016-2024 жылдары Жалағаш кентіндегі №201 мектеп-лицейінде математика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 2024 жылдың 23 тамызынан бастап Жаңаталап аудандық округіндегі №119 орта мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. Отбасылы, 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы
Соңғы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жүйелі жұмыс атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асты. Тыңдырымды тірлігі көп ауылдың бірі – Мақпалкөл. Мен ауылдағы саяси науқанға қатысу арқылы ауыл тұрғын-

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округі әкіміне үміткер Адамбаев Әбдімәлік Төребекулының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

дарымен бірлесіп жұмыс жасай отырып, елді мекеннің өсіп-өркендеуіне үлес қоссам деймін. Жалпы өкім болу оңай шаруа емес, жауапкершілігі ауыр жұмыс екені айтпаса да түсінікті. Қай ауылға өкім болсаң, сондағы халықтың келешегі, тыныс-тіршілігі сенің қарым-қабілетіңе тікелей байланысты. Сондықтан бұл қызметке келмес бұрын кез келген адам өзіне «Мен өкім болғанда осы ауылдың болашағын жарқын ету үшін не істеймін?» деген сауал қояуы тиіс. Ал бұл сауалдың түйінін тарқату үшін бірінші кезекте сайлауалды бағдарлама болуы қажет. Мен де осы қызметке талап қылғаннан кейін ауылдың дамуына бағытталған сайлауалды бағдарламамды дайындадым.

1. Мен ең алдымен мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының ұсынысына мұқият көңіл бөлімін. Халықтың талап-тілегін тыңдай отырып, олардың мәселесін шешуді күн тәртібінен түсірмеймін. Себебі елдің мәселесін ескерусіз қалдыруға болмайды. 2. Ауылда жұмыссыздық мәселесін тұсауға басымдық беруге жұмыс жасаймын. Сонда ғана ондағы әлеуметтік әлеуетінің артуына қол жеткіземіз. Осы ретте елді мекенде тұрақты жұмыс орындарының ашылуына күш саламын. 3. Ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпіні алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін. 4. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануда арнайы жобаларды қолға алып, мектеп пен мәдениет үйінде үйірмелердің тұрақты жұмыс жасауына жағдай жасаймын. 5. Бірлік болмай, тірлік болмайды. Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Себебі өзіміз тұратын елді мекеннің

тазалығы баршамызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейт-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын.

6. Ауылда жол құрылысының қарқын алуына бастамашы болып, елді мекендегі сапасы сын көтермейтін ішкі көшелердің жақсаруына жұмыс жасаймын. 7. Ауылда кәсіпкерлік саласының дамуына қолдан келгенше барлық мүмкіндікті қарастырамын. Бірінші кезекте жергілікті жұрттың кәсіп ашуы үшін олардың мемлекет тарапынан берілетін қаржылай қолдауға ие болуына жағдай жасаймын. Сондай-ақ өздерінің жарқын жобаларын жүзеге асыруға ықпал етемін. 8. Ауылдағы аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасаймын.

9. Елді мекендегі ұшкәсілік полиция инспекторы мен ақсақалдар алқамымен бірлесіп жұмыс жасап, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақталуына жауапкершілікпен қараймын. Бұл жұмыстар ауылда бұзақылық қылмыстардың орын алуына жол бермей, елді мекендегі түрлі қылмыстың алдын алуға үлкен сеп болды деп ойлаймын.

Алдағы сайлау маған ауылды дамытуға, ондағы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға берілген мүмкіндік деп білемін. Сондықтан бүтін бір ауылдың жарқын болашаққа нық қадам басуына өз үлесімді қосқым келеді. Саяси науқанда сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, осы мақсат-міндеттердің орындалуына бар қарым-қабілетімді жұмысаймын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округі әкіміне үміткер Тоғызбаев Мардан Марсбекулының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Тоғызбаев Мардан Марсбекулы 1991 жылы 13 мамырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылында дүниеге келген. 1997-2008 жылдары Әбдікерім Оңалбаев атындағы №117 орта мектепте 11 жылдық білім алған. 2008-2012 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде құқықтану мамандығы бойынша жоғары білім алған. Еңбек жолын 2013 жылы Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші болып бастаған. 2014-2017 жылдары Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұшкәсілік полиция инспекторы болып абыройлы қызмет еткен. 2017-2018 жылдары Жалағаш ауданы ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ұйымдастырушылық-аналитикалық жұмыс тобының инспекторы болып қызмет атқарды. Кейін ауыл шаруашылығы саласында жұмыс жасаған. 2022-2025 жылдары Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман қызметін атқарған. 2025 жылдың 13 қаңтарынан бастап Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет атқарып келеді. Отбасылы, 3 ұл тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті ауыл тұрғындары!
Менің басты мақсатым – туған ауылымдағы жан-жақты дамыту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және болашақ ұрпаққа қолы орта қалыптастыру. Осы бағытта төмендегі нақты міндеттерді

жүзеге асыруды жоспарлаймын. 1. **Инфрақұрылымды дамыту**
Ауыл ішілік жолдардың сапасы – тұрғындардың күнделікті тұрмысындағы маңызды мәселе. Ауыл ішіндегі 8 көшеге асфальт төсеу жұмыстарын кезең-кезеңімен жүзеге асырамын. Көшелердің жарықтандырылуын жақсарту және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қолға аламын. 2. **Әлеуметтік нысандарды жаңғырту**
Халыққа қызмет көрсететін нысандардың жағдайын жақсарту басты назарында болады. «Т.Жүргенов ауылдық мәдениет үйіне» күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырамын. Мәдени іс-шаралардың сапасын арттырып, жастар мен тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды қолға аламын. №15 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасына жөндеу жұмыстарын жүргізу, балаларға қауіпсіз өрі заманауи жағдай жасауға жұмыс жасаймын. 3. **Су мәселесін шешу**
Ауыл тұрғындары алаңдатып отырған маңызды мәселенің бірі – аяқсу. Аяқсу жүйелерін ретке келтіру, Су арналары мен арықтарды тазалау және қалпына келтіру; Су ресурстарын тиімді пайдалану жүйесін енгізу назарында болады. 4. **Абаттандыру және көгалдандыру**
Ауылдың көркі – оның тазалығы мен жасыл желегі. Көшелерді абаттандыру, тұрақты түрде тазалық жұмыстарын жүргізу; Ағаш отырғызу, көгалдандыру жұмыстарын кеңейту; Балалар және спорт алаңдарын көбейтуді қолға аламын. 5. **Жұмыспен қамту және кәсіп-**



көрлікті қолдау
Әрбір отбасының тұрақты табысы болуы – басты міндет. Жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында нақты шаралар қабылдау; «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несиелер алуға жан-жақты көмек көрсету; Жеке кәсіп ашуға ниетті азаматтарға кеңес беру және қолдау көрсетуді күн тәртібіне қоюмын. 6. **Ашықтық пен халықпен байланыс**
Тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тұрақты түрде тыңдау; Әрбір мәселені халықпен бірге талқылап, ашық шешім қабылдау; Әкімдік жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуді жүзеге асырамын.

Қорытынды
Мен үшін ең бастысы, халықтың сенімі мен әл-ауқаты. Бірлесіп еңбек етсек, ауылымызды көркейтіп, дамыған, таза өрі жайлы мекенге айналдырамыз. Сіздердің қолдауларыңыз – ортақ табысымыздың кепілі!

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

«Таза бейсенбі» – табиғатқа жанашырлықтың көрінісі

Тазалық әр адамнан әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе, іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы кең көлемде жүзеге асуда. Осы бастама аясында ауданда «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Шара «Аманат» партиясы аудандық филиалының бастамасымен өтті. Екі жыл бұрын бастау алған акция бүгінде жалпыхалықтық жобаға айналып үлгерді. Акцияның басты мақсаты – қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыру және тазалықты сақтаудың маңыздылығын тұрғындар санасына сіңіру. Бұл бағыттағы жұмыстар қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға, табиғатты аялауға деген жауапкершілікті арттыруға негізделген. Бейсенбідегі тазалық шарасына «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева, аудандық мәслихаттағы партия депутаттық фракциясының мүшелері, партия белсенділері мен мемлекеттік қызметкерлер қатысты. Жалпы акцияда барлығы 50-ден астам азамат белсенділік танытып, ортақ іске өз үлесін қосты. Жалағаш кентіндегі Жеңістің 50 жылдығы көшесінің бойында орналасқан І.Қабылов атындағы саябақ аумағында ауқымды жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, тал өгу, қураған ағаштарды тазалау, шөптерді оту, сондай-ақ арық қазу жұмыстары атқарылды.



Атаулы акция мен экологиялық мәдениетті дамыту қағидаттары – был жылжырылған жаңа Конституция жобасының негізгі өзегі. Ал бұл – осы бағыттағы жұмыстардың маңызын айқындай түседі. Табиғатты аялау енді тек бастама емес, мемлекеттік деңгейдегі құндылық ретінде бекітіліп отыр. Аудандағы қызу жұмыс кестем келісімен басталған. Акция барысында көшелер мен тротуарлар тазартылып, қоғамдық орындар ретке келтірілді. Аяқсу арналары аршылып, ағаштар өктелді. Сонымен қатар орындықтар мен қоршаулар, гимнасттардың қасбеттері жаңарып, жол белгі-

лері мен сызықтары қайта жаңғыртылды. Өз елінің қамын өзге ел ойламайтыны секілді, өз өңірінді өзін өркендетіміз. Бұл – уақытпен дәлелденген шындық. Жалағаш ауданы бұған дейін де жасыл желекке бөленген, табиғатпен етене өмір сүріп келе жатқан мекен. Сырттан келген жанды атауына сай жалғыз ағаш емес, көкорай көлбетімен қарсы алатын өңірдің өзіндік болмысы бар. Игі дәстүрге айналған тазалық пен көгалдандыру жұмыстары жыл сайын жалғасын тауып келеді. Жалағаштықтардың белсенділігі бұрыннан жоғары, биылғы қарқын тіпті ерекше. Үлкен бар елдің өнегелі жолына еріксіз риза боласыз. Жер бетін көк енді жарып, табиғаттың тынысы жаңарған шақта тіршілікпен үндесе қимылдаған халықтың қарекеті үлгі аларлық. Таңнан бастап тірлікке кірісіп, туған жердің әр бұрышын түлетуге ойысқан жұрттың бірлескен ынтымағы көрер көзге жылылық сыйлады. «Таза бейсенбі» акциясы бір күндік шара ғана емес, ол қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі ғана. Осындай игі істер арқылы қоғамда тазалыққа деген оң көзқарас қалыптасып, туған жерге деген жанашырлық арта түседі. Жаңарса, туған жер жаңарсын. Жадырасын. Осы қарқын бәсеңдемей, жалғасын тәпсіз, Жалағаштың көркі мен келбеті одан әрі ажарлана түсері анық.

ЖЖ Ақпарат

Жарамсыз деп танылсын
Рахиев Жигиря Рахмиевичтің атына Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мырзабай ахун ауылы Ә.Жүргенбаев №19 үйге берілген үй құжаты (тех паспорт) түп нұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Түзетіліп оқылсын
«Жалағаш жаршысы» газетінің №27 (10220) санында Әбдіжәлел Ерәлиевтің ғұмыр жолына арналған арнайы бетте «Әбдіжәлел Ерәлиевтің ұрпағы деген сөз «Әбдіжәлел Ерәлиевтің қарындасы» деп түзетіліп оқылсын.

Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына!
22.04.2026 жылы – Жалағаш кенті, Ақсу, Қарақеткен, Далдабай, Таң, Жаңақоныс, М.Шмеменов елді мекендерінде; 23.04.2026 жылы – Аққұм, Аламыс, Бұқарбай батыр, Еңбек, Жаңадария елді мекендерінде; 24.04.2026 жылы – Аққыр, Жаңаталап, Мақпалкөл, Мәдениет, Мырзабай ахун елді мекендерінің ауысу жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, орай осы уақытта су құбырынан ауыздығы пайдалануға болмайтын ескертеміз. Анықтама тел: 8(72431) 31-5-45, 79-1-41.

«Қазушар» РМК «Сыр суы» филиалының «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

Тағылым

Салт-дәстүр дәріптелген дода



Далдабай ауылында «Аманат» партиясының аудандық филиалына қарасты «Қаракеткен ауылдық округі» бастауыш партия ұйымының және «Асыл аналар» аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Ене мен келін – бір шаңырақ сәні» атты танымдық сайыс өтті. Шараның басты мақсаты – отбасы институтын нығайту, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру және ене мен келін арасындағы сыйластық пен түсіністікті арттыру.

Аталған шараға «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мустафаева, қоғамдық даму бөлімінің бас маманы Дана Сабырбай, аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова және ауылдық округтерден жиналған аналар кеңесінің мүшелері қатысты. Қаншагүл Шоңмұрынқызы ене мен келін арасындағы татулық пен түсіністікті отбасы берекесінің негізі екенін атап өтті. Сонымен қатар ұлттық құндылықтардың сақталуында, салт-дәстүр мен тәлім-тәрбиенің ұрпақтан-ұрпаққа берілуінде аналардың, соның ішінде ене мен келіннің рөлі айрықша екенін жеткізді.

– Өздеріңізге белгілі, «Аманат» партиясы 13 партиялық жоба аясында жұмыс жасайды. Соның ішінде ең үлкен біз үшін құнды партиялық жобаның бірі «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кеңесіңіз келешек», «Ұлттық мұра» сынды жобалар бар. Жақында ғана осы «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында Бұқарбай батыр ауылында жеңге мен қайыңшыл арасындағы сыйластық пен татулықты нығайтып, ұлттық салт-дәстүрлерді кеңінен насихаттау мақсатында «Сырлы жеңге – сұлу қыз» атты сайыс өтті. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда жастар арасында салт-дәстүрміз ұмыт бола бастаған. Ал біздің мақсатымыз – қазақтың байырғы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары тағылымды тәрбиені ұрпаққа жеткізу, – деді ол.

Сайыста бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан 4 ене мен келін өнер көрсетті. Бірінші жұп Әмзеевтер әулеті, екінші жұп Сәрсенбаевтар отбасы, үшінші жұп Ақыновтар әулеті. Ал соңғы қатысушы Нұрбаевтар отбасы.

Қатысушыларға «Аманат» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мустафаева, аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова мен Бұқарбай батыр ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы Үрлай Нәбиқызы төрелік етті.

Сайыс 5 кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең «Сәлем – сөздің анасы» деп аталады, яғни бұл кезеңде қатысушылар өлең жолдарымен және бейнеролик арқылы өздерін таныстырды.

Мұнан кейін сайыс «Білімдіге дүние жарық» кезеңімен жалғасты. Бұл кезеңде қатысушылар салт-дәстүрге байланысты түрлі сұрақтарға жауап берді.

Үшінші кезең «Дәм – дуалы кие» деп аталады. Қатысушылар бұл кезеңде үйлерінен ұмыт бола бастаған немесе сирек дайындалатын бешбармақ, сірне, жажурек, салма нан, қарын бұрме, қуырдақ сынды тағамдарды дайындап өкелді.

Келесі кезең «Өнерлінің өрісі кең» деп аталады. Бұл кезеңде қатысушылар ұлттық құндылықтарды ұлықтай отырып, өз өнерлерін ортаға салды, яғни олар сайыс барысында құрақ құрап, ұршық иіріп, кесте тігіп, тақия бөзедірді. Мәселен, бірінші

қатысушылар Айгүл Шәкенқызы мен Мирамқұл Жорабекқызы ұршық иіру өнерімен көзге түсті. Енесі Айгүл ананың айтуынша, ол жас кезінен киіз басып, ұршық иірді өзінің анасынан үйренген. Кейін келін болып Әмзеевтер әулетіне түскенде екінші анасы, яғни енесі де қолөнермен айналысатын жан болған. Айтуынша, бүгінде қолындағы ұршығы – енесінен қалған 70 жылға жуық тарихы бар бұйым.

Ал Ақыновтар отбасының ақжұлықты анасы Нұрсұлу Тасбергенова – құрақ құраудың шебері. Ол бүгінгі сайыста келіні Ақнұрмен бірге ши құрақ құрады.

Айта кетейік, Нұрсұлу анаға қолөнер анасынан дарыған. Айтуынша, кезінде анасы құрақшы болған. Ес білгеннен сол кісіден құрақ құраудың қыр-сырын үйренген ол бүгінде өз келінін қолөнерге баулып келеді.

Сайыс «Дәстүрім – асыл қазынам» кезеңімен қорытындыланды. Бұл кезеңде қатысушылар келін түсіру, жаңа түскен келіннің қайыңы мен қайың сінгілерін өз өсімдерімен атайық, оларға ерекше есім қою және бесікке салу дәстүрін дәріптеді.

– Бүгін келіміз екеуіміз алғаш рет ене мен келін атты танымдық сайысқа қатысып отырмыз. Ұйымдастырушыларға үлкен рахмет. Бұл бастама ауылда дәстүрлі түрде жалғасын табады деп ойлаймын. Себебі осындай байқаулар арқылы ене мен келін арасындағы татулық, бірлік сынды ізгі қасиеттер бүгінгі жастарға үлгі болмақ. Бұл сайыс арқылы біз жастарды тәрбиелеп қана қоймай, өзміздің шығармашылық мүмкіндіктерімізді көрсетуіміз де мүмкіндік алдық, – дейді Нұрбаевтар әулетінің анасы Гүлназ Әбдіқайырова.

Шара аясында қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен насихатталып, қатысушылардың шеберлігі мен ұйымшылдығы жоғары деңгейде көрініс тапты. Бұл шара тек сайыс емес, өнегелі тәрбие алаңына айналды. Танымдық сайысты ұйымдастырушы Қаракеткен

ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Мира Жүсіпова шара соңында қатысушыларға алғысын білдіріп, отбасы бірлігі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған мұндай кездесулердің маңыздылығына тоқталды.

– Бүгін Далдабай ауылында «Ене мен келін – бір шаңырақ сәні» атты тағылымды мол шара өтті. Қатысушылардың барлығы өте жоғары деңгейде өз өнерін көрсетті. Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтап, ұмыт бола бастағанын қайта жандандырып, болашақ ұрпаққа жеткізу – бүгінгі жастардың міндеті. Осындай игі шаралар алдағы уақытта да дәстүрлі түрде өткізіліп тұрмақ. Бүгін ене мен келін арасындағы ерекше сыйластық пен бауырмалдықтың күесі болды. Қатысушылардың әрқайсысы өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетіп, ұлттық болмысты дәріптеуге зор үлес қосты. Бұл шараны дәстүрге айналдыру арқылы салт-дәстүрімізді жаңғыртуға жол ашамыз, – дейді Мира Жүсіпова.

Сайыс соңында қазылар алқасының шешімімен жүлделі I орынды Нұрбаевтар әулеті иеленді. Ал II орынға Сәрсенбаевтар отбасы лайық деп танылды. Әмзеевтер мен Ақыновтар әулеті III орынды өзара бөлісті. Қатысушыларға «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының төрағасы атынан алғыс хат пен арнайы сый-сияпаттар табысты. Осындай мазмұнды шаралар арқылы ұлттық тәрбиенің маңызы артып, өскелең ұрпаққа өнегелі боларлық құндылықтар кеңінен насихаттала бермек.

Тәрбиелік мән зор бұл бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртуға өз үлесін қоспақ. Далдабай ауылда дәстүр дәріптелген дода ауыл өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Сезім НҰР

Көнекөз қариялардың айтуынша, Дәулетназар Әбдіқадірұлы 1865-1866 жылдары бұрынғы Сырдария облысының Перовск уезі Қаракөл-Қуандария болыстығының қамтуындағы №16 ауылдың аумағында (қазіргі Жалағаш ауданы Жаңаталап, Аққыр ауылдары) дүниеге келген. Бұқарадағы Көкілташ мектебесін бітіргеннен кейін сонда тоғыз жыл ұстаз болып, туған жерге келуге асыға қоймады. Себебі отырықшылыққа бейімделмеген, көшіп-қонумен жүрген елде мешіт салып, бала оқытуға мүмкіндік жоқ еді.

Дәулетназар ахун мешіті



Шөмекей тайпасының бас биі Қапдан Талқанбайұлы Ораз ахун арқылы Дәулетназарды елге алдырып, немересі Алуға үйлендіріп, алдына мал салып береді. Туған жерге оралған ахунға жергілікті халық қаржы жинап, шамамен 1897-1898 жылдары асар арқылы сәні мен сәулеті үйлескен зәулім мешіт салып береді. Құрылысы біткесін онда үнемі намаз оқылып, үлкендер мен балаларға дини сауат беретін орталыққа айналды. Онда Дәулетназар ахунның өзі ауыл балаларының дини сауатын ашып, шәкірттерін қайырымдылыққа, адалдыққа баулыған. Дәулетназар ахун жақында Сыр бойы ақын-жырауларының өлеңдерінде арнаған жыр-шумақтары бар.

«Шамшадін, Мырзекен мен Ақын Садық, Қалжөкен, Дәулетназар хан Әлібай...»

Ақылдың даналары, міне, осылар» деп Ыбыраш Ержанұлы мен Жүсіп Таубайұлының 1913 жылғы айтысында сол замандағы Сыр өңіріне белгілі бірталай дини қайраткерлерді жырға қосады. Заманында Дәулетназар ахунның көріпкел Жаратқан-ның ықыласы ауған киелі кісі ретінде даңқы алысқа жайылады. Үлкен жында игі жақсылар бір үйде бас қосып, әңгіме-дүкен құрады. Көпшіліктің ішінен біреуі дін тақырыбында сұрақ қояды. Бұрынғыны салты бойынша үлкеннің алдына жастар түсіп сөйлемейтін ұстаздан бұрын шәкірттің жауап бермейтіні белгілі. Сол жерде Тоқсанбай ахун шыдамсыздық танытып, ұстазы Дәулетназар ахуннан бұрын өлгі сұрақтың жауабын айтыпты. Сол кезде Дәулетназар ахун кезінің қиығымен Тоқсанбай ахунға бір қарайды. Алайда оны елемеген Тоқсанбай ахун ағасының алдын тағы орап, келесі сұраққа да ұстазынан бұрын жауап қатыпты. Сол кезде Дәулетназар ахун тұрып: – Әй, Тоқсанбайжан, байқаймын, осы сөнің өмірің өтіп барады-ау, – деп күрсіне сөйлепті. Айтқанындай-ақ, көп ұзамай Тоқсанбай ахун 38 жасында жұқпалы аурудан қайтыс болады.

1930 жылдардың басында заман өзгеріп, ел басына нәубет туған шақта Садық ахун да халық жауы ретінде күдіктілер қатарына жатып, қудалауға ұшырайды. Сонда Дәулетназар ахун «Садыққа Алла Тағалам асқан емшілікті сый еткен, ол ілімінің арқасында жаудың жалын да кеседі, жолын да кеседі. Тұрмағанбетке тілдің байлығын берген, судың екіле секілді бір батып, бір шығып, тілімен ұсталып, тілімен құтылып халық жауы болады, бірақ ажалы олардан емес. Ал Алдашбай ахунға түздің тағысы да тимейді» деген екен.

Көрегеннің айтқаны тура келіп, көп ұзамай Садық ахун «халық жауы» ретінде түрмеге жабылады. Бірақ түрме басышының көптен сал болып жатқан елінен емдеп, мерзімінен бұрын түрмеден босап шығады. Ауылдағы шопакбелсенділердің өзіне көрсеткен қиянаты мен озбырлығына шыдамаған Дәулетназар ахун бірде түнделетіп өзінің замандасы Алдашбай ахунның ауылына келеді. Дастарқан басында: – Алдеке, мына үкімет белсенділерінің сорақы ісі қаншаға дейін созылады екен? Олар Құдай жолындағыларды тыныш ұлқымын сыйнайы, – деп әңгімеге тартады. Сонда Алдашбай ахун – Бұл үкіметтің өмірі ұзақтау болады, большевиктер алдымен жоқ-жітіктің, жетім-жесірдің, кедей-келіштіктің сөзін сөйлеп, кейін оңалып, бойын тіктеп алғасын оларды да аямайды. Тіпті орыстың сөзін сөйлемегеннің бәрін оңдырмайды, – деген екен. Таң ата Алдашбай ахун замандасының астына ат мінгізіп, қоржынына азық-түлік салып, шығарып салады. Біраз жер жүргесін Дәулетназар ахун өзінің қасындағы серіктесі Ешмұхамбет молдаға «Алдашөкем бұл үкімет ғана емес, түз тағысы да ешбір зәбір көрсете алмас, оның ілімі өте күшті ғой» деп таңдай қаққан екен. Колхоздестүру кезінде Дәулетназар ахун да жергілікті шопакбелсенділер тарапынан қудалауға ұшырап, Түркіменстанға қашып, сонда 1932 жылы қайтыс болады. Қазіргі таңда Дәулетназар ахун мешітінің құлаңдасы Аққыр ауылының солтүстік-батысында шамамен 22-23 шақырым жердегі «Қаракөл» құмындағы қалың сексеуіл мен жығылдың арасында орналасқан.

Мешіттің жоспары тікбұрышты бес бөлмеге бөлінген. Намаз оқитын бөлме, дәліз және қосымша тағы үш бөлмеден тұрады. Мешітке тағы қосымша екі бөлме жаспарлас тұрғызылған. Жақсы сақталған қабырғасы сапалы етіп құйылған қамжесек және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Іргетасы да кірпіштен лента тәрізді ұзынша қаланған. Мешіт қабырғаларының биіктігі 2-2,5 метрге жуық. Қалыңдығы – 80-90 см. Қабырғалардың төрт қапталындағы декоративті пилястранның бұрыштарын істік ері қабырғадан біршама шығыңқы қалаған. Мешіттің іші және сыртқы қабырғалары сабан және құм сылақпен сыланған. Намаз оқуға арналған үлкен бөлменің жоғары бөліктері, қираған терезелерінің ойықтары шығысқа қаратылған. Терезелердің астынан қызыл кірпішпен декоративті белдемше жүргізілген. Оңтүстік қабырғада минажат етуге қуыс-михраб пен екі төрт-бұрышты қуыс-сөрелер қалдырылған. Мешіттің солтүстігі мен батысында 20-25 метрдей жерде тағы 2 гимараттың қирандылары жатыр.

Серікүл САПАНОВА,
аудандық тарихи-өлкетану
музейінің қызметкері

Еңбек адамы

Ұлттық өнерді ұлықтаған ана

Колөнер – халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан асыл мұрасы. Осы қазынаны жоғалтпай, әрі қарай дамытып, жастарға үйретуден ақжұлықты аналарымыз жалаңқап емес. Осы ретте саналы ғұмырын салт-дәстүрмен сабақтастырған аналарымыздың өнегелі өмірін қалың оқырманға насихаттау мақсатында Еңбек ауылына бет алдық. Аядай ғана ауылда ұлттық өнерді ұлықтап келе жатқан кейіпкеріміз Дәркул Тоқбаевадан ұршық иіріп, тоқыма тоқудың, киіз басып, құрақ құраудың қыр-сырын үйрендік.



Ауыл тұрғыны Дәркул Тоқбайқызы жас ұрпаққа колөнерді насихаттап келеді. Ол – киіз басу, тоқыма тоқу, көрпеше тігудің шебері. Арнайы ауылға келген соң кейіпкеріміздің шаңырағына аялдап, сұхбаттасуды жөн көрдік. Барсақ, ақжұлықты анамыз жас күнінде өз басқан киіздің үстінде құрақ құрап, колөнермен айналысып отыр екен.

Дәркул ана ұлттық өнерге бала кезінен қанық болған. Нақтырақ айтсақ, 13 жасында өкесінің апасынан қарауіге бау тоқу, киіз басу, ұршық иіру, кілем, ши тоқуды үйренген. 18 жасында осы әулетке келін болып түскен ол енесі де колөнермен айналысқанын, сол кісіден біраз нәрсе үйренгенін айтады. Ол үйге қажетті көрпеше, көрпеше, киізді өзі дайындаған. Тіпті немере-шөберелеріне де қажетті колөнерді өзі қолдан тігіп, сыйлайтынын айтады. Мәселен, жақында ғана әскерден

оралған үлкен ұлының баласына арнап көрпешелер дайындапты.

– Немерем әскерден оралған соң «жақында үйленіп қалар» деп шымалдыққа төсеуге және келінге арнап жеке көрпеше дайындадым. Өздерің білетіндей, қазір беташарда келіннің аяғының астына кілемше төсейді. Ал мен жас кезімде өзім басқан киізді тастамай, оны қайта өңдеп, беташарда пайдалануға дайындап қойдым. Жасыратыны жоқ, қазіргі жастар киізді айтсақ шошиды. Себебі оның қандай пайдасы барын біле бермейді, – дейді кейіпкеріміз.

Дәркул апаның айтуынша, бұрын киіз басу ауылда кішігірім той секілді өткен. Себебі ауылдың қыз-келіншектері киіз басытын үйге бір мезетте жиналып асарлап бірге бітірген. Ауылдағы абысын, келіндерімен ауызбіршілікте бірлесіп жасаған жұмысының нәтижесінде ол

шамамен бір күнде 2-3 киіз басқан. Анамыздың айтуынша, киіз басу ауыл тұрғындарын ауызбіршілікке шақыратын керемет дәстүр іспетті. Ол айтуға оңай болғанымен, жеңіл орындала салатын іс емес. Қолдың күшімен қатар өптіліп пен шыдамдылықты қажет ететін машақаты көп жұмыс.

Заман талабына сай қазір киізді ешкім үйіне төсемейді. Сондықтан болар, ескі дәстүр ұмытылып, жастар жағы аса қызығушылық танытпайды.

Бұрын өкелеріміз әр үйдің төрінде киіз бен төкемет тұратынын жиі айтатын. Ал қазір киіз басу өнері қалыс қалған. Бұл өнерді ұлықтап, үйінде жүн түтіп, төкемет басып, ісмерлікпен айналысатындар қатары едәуір азайған.

– Біз кезінде «киіз басамыз» десе, қатты қуанатынбыз. Кезектесіп бір-біріміздің үйімізге бір күнде 2-3 киіз бастық. Онымен

Сезім НҰР

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №645